

Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

Жинақ	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
ISBN	978-601-262-638-4
Секция	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.II. Цифрлық технологиялар жағдайындағы құқықтық жүйені дамыту және құқық қолдану тәжірибесі / Развитие правовой системы и практика правоприменения в условиях цифровых технологий
Жинақтағы рет нөмірі	№ 079
Мазмұндағы беті	394
Жарияланған беттері	394-399
Автор(лар)	Мұзафар Дильназ
Мақала атауы	ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ
Мазмұндағы жазылуы	Мұзафар Д., Мухамбетова Г.С. ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

**«ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕНІ
ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ»**

Мұзафар Дильназ

muzafardilnaz@gmail.com

«Құқық қорғау қызметі» білім бағдарламасының 3 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор-Мухамбетова Г.С.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялар қоғам өмірінің барлық саласына еніп, құқықтық қатынастардың жаңа түрлерін қалыптастыруда. Ақпараттық жүйелердің дамуы, жасанды интеллект, үлкен деректер (Big Data) және блокчейн технологиялары құқықтық реттеуді қажет ететін жаңа қатынастарды туындатты. Осыған байланысты құқықтық жүйені жетілдіру және құқық қолдану тәжірибесін жаңғырту қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі кезеңде әлем цифрлық трансформация дәуірін бастан кешіруде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдық қатынастардың барлық салаларына әсер етіп, жаңа құқықтық шындық қалыптастыруда. Соның нәтижесінде құқықтық жүйе де өзгерістерге ұшырап, дәстүрлі құқықтық институттар жаңаша мазмұнға ие болуда.

Цифрландыру үдерісі мемлекет қызметінің тиімділігін арттыруға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Алайда бұл үдеріс жаңа қауіптер мен құқықтық олқылықтарды да туындатады.

Экономиканың әртүрлі өндірістік үдерістеріне цифрландыруды және заманауи ақпараттық технологияларды енгізу Қазақстанның экономикалық дамуының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Елде цифрландыруды белсенді түрде жүргізу, яғни цифрлық құралдарды дамыту және қолдану мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ олардың қабылдайтын шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп есептеледі. Бұл өз кезегінде экономиканың өсуіне және халықтың өмір сүру сапасының жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Мақалада Қазақстандағы құқық қорғау және сот жүйелерінде цифрландыру мәселелері мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдануға қатысты нормативтік-құқықтық актілер қарастырылған. Мемлекеттік бағдарламаларда құқық қорғау және сот органдарының қызмет сапасын арттыру мақсатында цифрлық технологияларды қолдануға ерекше назар аударылады. Сондай-ақ мақалада Қазақстанда әзірленіп, енгізілген, құқық қорғау құрылымдары мен соттарда пайдаланылатын аналитикалық және ақпараттық жүйелерге талдау жасалады.[1]

2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құқық қорғау органдарына прокуратура, ішкі істер органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жатады.

Негізгі бөлім. Мемлекеттің өмір сүруінің әртүрлі салаларын цифрлық трансформациялаудың маңыздылығы мен өзектілігі Қазақстанның бірқатар нормативтік-құқықтық актілерінде атап көрсетілген. Цифрлық саладағы мемлекеттік саясатты айқындайтын негізгі құжат — «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [2]. Бұл бағдарлама 2017 жылдың желтоқсан айында Үкімет қаулысымен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты — өндірістік үдерістерге цифрлық технологияларды енгізу арқылы Қазақстан экономикасының өсуіне және азаматтардың әл-ауқатының артуына қол жеткізу.

Бағдарламаны іске асырудың он негізгі бағытының ішінде құқық қорғау жүйесін цифрландыруға ерекше назар аударылады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құқық қорғау құрылымдарының қызметіне цифрлық құралдарды енгізудің маңыздылығы, соның ішінде қылмыстық процесті электрондық форматқа көшіру қажеттілігі атап өтіледі. Осы мақсатта бағдарламада тиісті бөлімшелерді қажетті материалдық-техникалық ресурстармен (компьютерлер, мониторлар, веб-камералар) қамтамасыз ету міндеті қойылған. Сонымен қатар қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар мен ақпаратты қабылдауға арналған бірыңғай автоматтандырылған жүйе, веб-сайт және мобильді қосымша құру міндеті де қарастырылған.

Құқық қорғау саласын цифрландырудың маңыздылығы 2021 жылдың ақпан айында қабылданған Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында да атап өтілген [2]. Елдің даму жоспарында цифрлық технологияларды енгізуге ерекше көңіл бөлінген. Мысалы, құқық қорғау органдарының ішкі рәсімдері мен іс жүргізу жұмыстарын «цифрландыру» үшін жасанды интеллектті пайдалану қарастырылған. Ұлттық жоспар сот жүйесінде де цифрлық шешімдерді қолдануды қамтиды. Атап айтқанда, сот төрелігінің сапасын арттыру мақсатында үлкен деректерді (big data) талдау құралдарын енгізу жоспарланған.

Заманауи ақпараттық технологияларды қылмыстық процесте қолданудың маңыздылығы 2021 жылдың қазан айында бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға

дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында да атап көрсетілген [3]. Құжатта алқабилер тізімін қалыптастыруды және жазаларды орындау процестерін цифрландырудың қажеттілігі, сотталғандардың санын есепке алуды автоматтандыру арқылы оларды белгілі бір критерийлер бойынша әрі қарай талдау, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың әртүрлі түрлерімен күресу мен олардың алдын алу және заңдылықты қамтамасыз ету үшін инновациялық технологияларды пайдалану қажеттілігі көрсетілген. Сонымен қатар цифрландыру құқық қорғау және сот жүйелеріндегі кадрларды іріктеу мен қызметтік өсу процестерін де қамтиды.

Мысалы, судьялыққа үміткерлерге арналған емтихандар, судьяларды конкурстық іріктеу және судья лауазымына арналған кадрлық резервті қалыптастыру процестері цифрлық форматқа көшіріледі. Осылайша, жоғарыда аталған құжаттар Қазақстанның құқық қорғау және сот жүйелерінде цифрландыруды жүзеге асырудың негізгі бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындады. Сонымен қатар тиімділік пен ашықтықты арттыру мақсатында цифрлық құралдарды (соның ішінде үлкен деректерді талдау мен жасанды интеллектті) енгізудің стратегиялық маңыздылығы ерекше атап көрсетілді.

Сонымен қатар құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінде инновациялық цифрлық шешімдерді қолдану арқылы бірқатар жобалар іске асырылған. Мысалы, 2014 жылы Қазақстанның сот органдарының онлайн сервистеріне бірыңғай қолжетімділікті қамтамасыз ететін «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесі құрылды. Бұл жүйе арқылы қашықтан өтініштер, арыздар, өтінішхаттар мен шағымдар жіберуге, сот органдарына хат жолдауға, сот актілері мен істерін іздеуге, сот актісінің заңдылығын тексеруге, мемлекеттік бажды төлеуге және сот ісінің қаралу барысын бақылауға болады. «Сот кабинеті» Android және iOS операциялық жүйелерінде жұмыс істейтін мобильді қосымша түрінде де қолжетімді.

Айта кетерлігі, бүгінгі күні азаматтық істер бойынша арыздардың 10-ы түссе, соның ішінде 9-ы онлайн түрде берілуде [4]. «Сот кабинеті» сервисі 2009 жылдан бастап қабылданған сот шешімдерінің архиві болып табылатын Форум «Талдау» аналитикалық-ақпараттық жүйесімен интеграцияланған. «Талдау» 2015 жылы істердің біртұтас категориялық классификаторы, сот актілері банкі және нормативтік актілер базасы негізінде құрылды (үш категорияға бөлінген: азаматтық істер, нормативтік істер және қылмыстық істер). Бұл сервиске Қазақстан Республикасының барлық азаматтары электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы қол жеткізе алады.

Осылайша, «Талдау» елдегі сот практикасын мониторингтеу және талдау үшін қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, «Сот кабинеті» сервисі 2016 жылы Қазақстан соттарына енгізілген «Төрелік» ақпараттық жүйесімен де интеграцияланған. Бұл жүйе сот құжаттарының онлайн-архиві болып табылады және мемлекеттік органдардың басқа ақпараттық жүйелерімен деректер алмасуға, сондай-ақ процессуалдық мерзімдерді есепке алу мен бақылау процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бұл сот органдарындағы іс жүргізуді жеңілдетеді, себебі материалдарды қағазда қайталаудың қажеті болмайды. Айта кету керек,

Қазақстанда құжаттарды тіркеу және орындауды бақылау процесі мемлекеттік деңгейде Біртұтас электрондық құжат айналымы жүйесін (БЭҚАЖ) енгізу арқылы автоматтандырылған. Осылайша, ведомстволар арасындағы қағаз құжаттарды алмасудың қажеті жойылған. Мысалы, соттар құжаттарды басқа мемлекеттік органдарға электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып электронды түрде жібереді. Қазақстан соттары сот процестерін жүргізу кезінде де цифрлық технологияларды пайдаланады. Мысалы, «Smart cot» бағдарламасы аясында арнайы «TrueConf» мобильді қосымшасы арқылы процестің қатысушыларының виртуалды түрде қатысу мүмкіндігі пайда болды. Виртуалды отырыстар коронавирустық инфекцияның жаһандық өршуіне байланысты енгізілген локдаундар кезінде ерекше өзектілікке ие болды.

Қазақстанда 2017 жылы «Электрондық қылмыстық іс» жүйесі де әзірленіп, енгізілді. Бұл жүйе барлық қылмыстық құқық бұзушылық категорияларын және қылмыстық процестің барлық сатыларын қамтиды. Жүйе Сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тіркеліміне (СДТБТ) негізделген, ол сотқа дейінгі тергеулер туралы ақпаратты қамтитын автоматтандырылған деректер базасы болып табылады. Электрондық қылмыстық процесті енгізудің бастамашысы

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы болды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесінің кодексінің 42–1-бабы қылмыстық сот процесін электрондық форматта жүргізу құқықтық негізін бекітеді: «Қылмыстық процесі жүргізетін тұлға қылмыстық процесінің қатысушыларының пікірін және техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, қылмыстық сот процесін электрондық форматта жүргізуге құқылы, бұл туралы негізделген шешім шығарады» [5].

Осылайша, тергеуші немесе алдын ала тергеуші қылмыстық істі электрондық немесе қағаздық форматта жүргізу форматын өз бетінше шешеді. Электрондық қылмыстық істі жүргізу тәртібі, өз кезегінде, 2018 жылдың қаңтарында Қазақстан Бас прокуратурасының бұйрығымен бекітілген электрондық форматта қылмыстық сот процесінің жүргізу нұсқаулығында көрсетілген [6]. Айта кету керек, электрондық форматқа сұраныс жоғары. Қазақстан Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің деректері бойынша, елдегі қылмыстық істердің басым бөлігі (90%-дан астамы) онлайн тергеледі [7]. Цифрландыру қылмыстық процесі жүргізу барысында материалдарды бұрмалау тәуекелін азайтып, тергеу кезінде қабылданатын шешімдердің ашықтығын арттырады деп күтілуде. Қазақстан Бас прокуратурасының бастамасымен «Заңдылық» аналитикалық-ақпараттық жүйесі де әзірленді. Бұл жүйе СДТБТ және «Төрелік» жүйелерімен интеграцияланған және Қылмыстық кодекстің нормаларының дұрыс қолданылуын тексеруге, қателіктерді автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, 2017 жылы «Заңдылық» жүйесі Қылмыстық заңнама нормаларына сәйкес келмейтін шамамен 400 сот шешімін анықтауға көмектесті. Осылайша, ақпараттық жүйе сот шешімін қабылдау кезінде қателік ықтималдығын азайтуға септігін тигізеді. Қажет болған жағдайда анықталған қателіктер түрлері және олар жіберілген өңірлер бойынша бөлуге де болады.

Құқық қолдану тәжірибесі цифрлық технологиялардың әсерінен айтарлықтай өзгеруде. Бұл өзгерістер бірнеше бағытта көрінеді.

Біріншіден, құқық қолдану процесінің автоматтандыру жүзеге асырылуда. Электрондық құжат айналымы қағазбастылықты азайтып, шешім қабылдау жылдамдығын арттырады.

Екіншіден, сот жүйесінде онлайн технологиялар кеңінен қолданылуда. Онлайн сот отырыстары, қашықтан куәлік беру, электрондық дәлелдемелерді пайдалану – қазіргі заманның талаптарына сәйкес келетін үрдістер.

Үшіншіден, құқық қорғау органдарында деректерді талдау жүйелері енгізілуде. Үлкен деректерді (Big Data) талдау қылмыстарды болжауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, жасанды интеллект технологиялары құқық қолдану саласына енгізілуде. Мысалы, кейбір елдерде сот шешімдерін болжау жүйелері, автоматтандырылған құқықтық кеңес беру платформалары қолданылады.

Алайда, бұл өзгерістермен бірге жаңа мәселелер де туындайды. Атап айтқанда, алгоритмдердің ашықтығы, әділдік қағидаттарының сақталуы және адамның құқықтарының қорғалуы маңызды мәселелер болып табылады.

Қорытындылай келе, Қазақстанда цифрландыру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында бірқатар жобалар жүзеге асырылды.

Электрондық үкімет порталы азаматтарға мемлекеттік қызметтерді онлайн алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сот жүйесінде «электрондық сот» жобасы енгізілді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында да өзгерістер орын алуда. Ақпараттық қауіпсіздік, дербес деректерді қорғау және электрондық құжат айналымы салаларында жаңа заңдар қабылданды.

Дегенмен, әлі де шешімін талап ететін мәселелер бар:

- заңнаманың жетілмегендігі;
- цифрлық сауаттылық деңгейінің төмендігі;
- техникалық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі.

Цифрлық дәуірде құқықтық жүйені дамыту үшін келесі бағыттарға назар аудару қажет:

- Заңнаманы жетілдіру
- Цифрлық қатынастарды реттейтін нақты және тиімді құқықтық нормалар қабылдау

қажет.

- Цифрлық құқықты дамыту
- Цифрлық құқықты дербес құқық саласы ретінде қалыптастыру маңызды.
- Халықаралық ынтымақтастық
- Киберқылмыспен күрес және деректерді қорғау мәселелерінде мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты күшейту қажет.
- Технологиялық инновацияларды енгізу
- Жасанды интеллект, блокчейн сияқты технологияларды құқық қолдану тәжірибесіне енгізу қажет.

- Мамандарды даярлау.

- Заңгерлердің цифрлық құзыреттілігін арттыру – басты міндеттердің бірі.

Цифрлық технологиялар құқықтық жүйенің дамуына жаңа серпін беруде. Олар құқық қолдану тәжірибесін жеңілдетіп, тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа қауіптер мен құқықтық мәселелерді де туындатады.

Осыған байланысты құқықтық жүйені жетілдіру кешенді тәсілді талап етеді. Заңнаманы жаңғырту, технологияларды енгізу және халықаралық тәжірибені пайдалану арқылы ғана тиімді құқықтық жүйе қалыптастыруға болады. Қазіргі кезеңде әлем цифрлық трансформация дәуірін бастан кешіруде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдық қатынастардың барлық салаларына әсер етіп, жаңа құқықтық шындық қалыптастыруда. Соның нәтижесінде құқықтық жүйе де өзгерістерге ұшырап, дәстүрлі құқықтық институттар жаңаша мазмұнға ие болуда.

Цифрландыру үдерісі мемлекет қызметінің тиімділігін арттыруға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Алайда бұл үдеріс жаңа қауіптер мен құқықтық олқылықтарды да туындатады.

Қазақстандағы цифрландыру мемлекеттік салалардың көптеген салаларын қамтиды. Бұл мәселеде құқық қорғау қызметі мен сот жүйесіне ерекше назар аударылады. Мысалы, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы, Ұлттық даму жоспары және Құқықтық саясат тұжырымдамасы құқық қорғау және сот органдарында цифрландырудың негізгі бағыттарын анықтаған.

Сонымен қатар, Қазақстанда бірқатар аналитикалық және ақпараттық жүйелер іске асырылып, енгізілді: «Сот кабинеті», «Төрелік», мемлекеттік органдардың Біртұтас электрондық құжат айналымы жүйесі, «Smart сот», «Электрондық қылмыстық іс», Сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тіркелімі және «Зандылық». Осы жобалардың барлығы мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған және мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Алайда, елде цифрландыру жұмыстары белсенді жүргізілсе де, жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актілер құқық қорғау және сот жүйелерінде инновациялық технологияларды, мысалы, үлкен деректерді талдау мен жасанды интеллектті, одан әрі енгізудің қажеттілігін ерекше атап көрсетеді. Осылайша, Қазақстандағы цифрландыру жұмыстары әрі қарай жалғасатын болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 Қаулысы – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (қаралған күні: 08.10.2022).

2. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі даму Стратегиялық жоспарын бекіту туралы және кейбір Президент Жарлықтарын қолданудан шығару туралы 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Президент Жарлығына өзгерістер енгізу туралы: Қазақстан Республикасы

Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №521 Жарлығы – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000521#z6> (қаралған күні: 08.10.2022).

3. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674> (қаралған күні: 09.10.2022).

4. Алғашқы қашықтықтық сот әділеті: ол Қазақстанда қалай жұмыс істейді: <https://pravo.ru/story/220810/>.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процессуалдық кодексі: Қазақстан Республикасы Кодексі, 2014 жылғы 4 шілде №231-V ЗРК – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231> (қаралған күні: 09.10.2022).

6. Электрондық форматта қылмыстық сот процестерін жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы №2 Бұйрығы – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016268> (қаралған күні: 09.10.2022).

7. Жұмыстың нәтижелері 2022 жылдың 9 айына: // <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/press/news/details/437188?lang=ru>